

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Өзеннен табылған ханзада

Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: M. Maillot, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: M. Maillot, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Перғауыннан кейінгі екінші адам
болған Жүсіп көз жұмды. Бүкіл
Мысыр оның қайғысын
бөлісті. Құдай еврей
Жүсіпті елді аштықтан

аман алып қалу
үшін пайдаланды.
Ол дана әрі
сүйікті
басшы болды.
Енді ол жоқ.



2

Үш жүз жылдан астам уақыт өтті. Жүсіптің елі, еврейлер, Мысырда құдіретті нәсілге айналды. Жаңа перғауын еврейлер өзіне қарсы шығуы мүмкін деп қорықты, сондықтан ол олардың бәрін құл етті.



Перғауын еврейлерге қаталдық танытты. Ол оларды үлкен қалалар салуға мәжбүр етті. Біақ ол бар күшімен азайтуға тырысып бақса да, еврей құлдардың саны өсе берді.



Бір күні перғауыннан қорқынышты бұйрық келді. «Еврейлердің жаңа туған ұл балаларының бәрі Ніл өзеніне тасталу керек». Зұлым перғауын еврейлердің санын азайтуға біржолата бел байлады. Ол тіпті нәрестелерді өлтірді де!



«Біз не істей аламыз?» – бір отбасы осы сұрақты ойластырса керек. Олар өз балаларын Ніл өзеніне батырып жібермек болды. Бірақ ол жайлы әрі су өтпейтін себетке жатқызылатын болады.



Өзінің бағалы жүгі бар шағын қайық-себет қамыс арасында жүзіп жүрді. Титтей нәрестеге не болар екен?



Сәл алысырақтан нәрестенің әпкесі қамыс арасында жұмсақ тербетілген құнды себетті бақылап тұрды.



Кенет перғауынның қызы мен оның қызметші қыздары суға шомылуға өзенге келе қалды. Себетті жасыру мүмкін емес еді. Бәлкім олар оны байқамастан жанынан өтіп кетер.



9

«О! Себет. Анда қамыс арасында. Қызық, ішінде не бар екен?» Перғауынның қызы қызметшісіне себетті алып келуді бұйырды. Ол себетті ашқан кезде, нәресте жылай бастады. «Мынау – еврей баласы ғой», – деп дауыстады ханшайым.



10

«Байғұс-ай! Сен сондай сүйкімдісің!» Шамасы, перғауынның қызы нәрестемен көптеген ересек адамдар сияқты сөйлескен болар. Бәлкім ол тіпті: «Оотчи-кутчи Ку-умс», – деген болар, мысырша «әрине» деген сөз.



11

Құдай нәрестенің әпкесіне ерекше даналық берсе керек. Ол перғауынның қызына жүгіріп барды. «Мүмкін сіздің орныңызға балаға қарап беретін еврей әйелді тауып берермін? – «Солай ет», – деп жауап берді. Ол қыз кімге жүгіріп кетті деп ойлайсың?»



12

«Анашым! Тезірек жүр! Тез-тез!» Қыздың түсіндіріп жатуға уақыты болмаған тәрізді. Екеуі бірге соқпақ жолмен кері қарай зымырады.



13

Өзенге қайтып оралғанда, перғауынның қызы оған нәрестені берді. «Мен үшін оған күтім жаса. Мен саған ақысын төлеймін. Оны Мұса деп атандар». Мұса мысырша «судың ұлы» деген мағына беретін болса керек.



14

Сонымен Мұса өзінің ата-анасы мен үйіне қайтып оралды. Олар оған Құдайды және еврей халқын сүюді үйретті. Таяуда ол перғауынның қызымен бірге сарайда тұратын болады. Мұсаның өмірін құтқарып қалған Құдай оған ұлы болашақ дайындап қойды.



15

Өзеннен табылған ханзада

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Исход 2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

16

СОҢЫ

9



60

17

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18